



ТІЛ – ИНСТИНКТ

Тіл мен ойлау арасындағы байланыс



**Жоспар:**

1. «Ой қалай да сөз арқылы беріледі».
2. Жаңа тіл – Ескі тіл.
3. «Сөйлеу қабілеті жоқтық – санасы жоқтық» деген пікір.
4. Лингвистикалық келісілгендік жорамалы (Э. Сепир, Б. Уорф).
5. Тілдік палитра.

1984 жыл келді де өте шықты. Бұл кезең – 1949 жылы жазылған Джордж Оруэллдің романындағы тоталитарлық сұмдықтың орындалмаған жылы. Бірақ біздің кең тыныстауымызға әлі де ерте сияқты. «1984» атты романының қосымшасында Оруэлл тағы бір қатерлі датаны еске салады. 1984 жылы шегінуші Уинстон Смитті түрмеге қамау, психотропты дәрілер мен азаптау, тұлғалық қасиетін жоғалту арқылы ақиқат жолына түсірді; алайда 2050 жылға қарай ешқандай Уинстон Смиттер болмайды. Бұл уақытқа дейін Жаңа тіл деп аталатын – ойды бақылаудың әлдеқайда ұтымды технологиясы іске қосылады.

Бұл қандай технология? «Жаңатіл» дегеніміз не?

Жалпы айтқанда, бұл сұрақтарға жауап беру арқылы «Тіл – инстинкт» кітабының авторы Стивен Пинкер адамның тілі мен ойының тығыз байланысын көрсетеді. Бұл табиғи байланысты жоғарыда айтылған Джордж Оруэллдің романындағы Ангсоц деген тоталитарлық партияның Жаңа тілі арқылы дәлелдейді.

Жаңа тіл тек ангосоцты жақтаушылардың дүниетанымы мен ойлау қызметін таңбалық құралдармен ғана емес, кез келген өзге ой ағымының мүмкін болмауын да қамтамасыз етуі тиіс. Ангсоц ұғымын – англосоциализм деп түсінуге де болады. Партияда құрылған Жаңа тілдің мақсаты ерекше. Жаңа тіл мәңгілікке орнығып, ал ескі тіл ұмытылғанда ұстанымы берік емес, яғни ол қалай да сөз арқылы берілетіндіктен ангсоцқа жат ойдың болуы мүмкін емес деген болжам жасалды. Сөздер дәл және кез келген рұқсат етілген, партия мүшесіне қажетті мағынаны барынша сыпайы жеткізетіндей, сонымен қатар, олардың партияға бұрма жолмен келуіне мүмкіндік бермеу сияқты басқа мағыналарының бәрін кесіп тастайтындай етіп құрастырылған. Бұған жаңа сөздерді ойлап табу, негізінен қажет деп саналмаған сөздерді қолданыстан шығарып тастау және қалып кеткен ұстанымға сәйкес келмейтін мағыналардан – мүмкіндігінше барлық жанама мағыналардан тазарту арқылы қол жеткізілген. Бір ғана мысал келтірейік. Жаңа тілде «еркін» (еркіндік, бос) сөзі қалды, бірақ оны тек қана жай сөйлемде «бос етік», «дәретхана бос» дегендерді айту үшін ғана қолдануға болатын. Ой еркіндігі, саяси еркіндік дегендер ұғым ретінде мүлде болмағандықтан, соған сәйкес олар таңбалауды да қажет етпеді, олар тек қана қарапайым түрде «саяси еркін», «еркін ойлы» деген ескі мағынасында қолданылмады. Берік емес, сенімсіз мағыналарды жоюдан бөлек, аса қажет деп саналмаған сөздердің бәрін қолданыстан шығарып, алып тастап, сөздік қорды қысқарту өзіндік мақсат болды.

Жаңа тіл ой көкжиегін кеңейтуге емес тарылтуға шақырумен қатар, бұл мақсатқа жанама түрде сөз таңдаудың ең аз мүмкіндігін қалдыру көзделді. Шын мәнінде, жаңа тілді сенімсіз мақсаттарға қолдану кейбір сөздерді қылмыстық жолмен қайтадан ескі тілге аударудан өзгеше жолмен жүзеге аспас еді. Мысалы, жаңа тіл: «Барлық адам бірдей» дегенді тек ескі тілде: «Барлық адам сары» деп айтуға рұқсат еткендей мағынада ғана айтуға мүмкіндік берді. Тіркесте грамматикалық қателер болмағанымен, барлық адамдардың бойы, салмағы мен күші бірдей деген мүлдем шындыққа жанаспайтын нәрсеге нандырмақшы болды. Азаматтық теңдік деген ұғым мүлде болмады, ал «тең» сөзінің бұл екінші мағынасы, әрине, жойылды».

Дегенмен адам бостандығының жылт еткен үміт оты әлі сөнген жоқ: ол Оруэллдің «ой қалай да сөз арқылы беріледі» деген ескертуі. Осы мағыналық екіұштылыққа мән беріңіз: бірінші абзацтың соңында кей ұғым ойға келмейді, сондықтан да оның атауы жоқ; ал екінші абзацтың соңында атауы жоқ ұғым болғандықтан ол туралы ойлау мүмкін емес делінеді. Сонда қалайша ойлау сөзге тәуелді? Шынында да адамдар тура мағынасында ағылшын тілінде немесе чероки мен кивунджо тілдерінде ойлай ма немесе 2050 жылы жаңа тілде ойлауға көше ме? Біздің ойларымызға қандай да бір үндемейтін ми құрылғысы – ой тілі немесе «ойтаңба» меншіктеп беріліп, біз тыңдаушыларға жеткізу қажет болған кезде ғана олар сөз түрінде көрініс бере ме? Тілдік түйсікті түсінуден маңызды мәселе жоқ.



Біздің тұрмыстық және саяси қарым-қатынастарымыздың қарбаласында адамдар ойды сөз анықтайтыны өз-өзінен түсінікті деп қабылдайды. Оруэллдің «Саясаткерлер және ағылшын тілі» атты эссесінен қанаттанған діни ғалымдар үкіметті олар «тыныштандыру», «кірістерді оңтайландыру» немесе «конституциялық тәртіп орнату» (оқ жаудыру) тәрізді эвфемизмдерді қолдана отырып, біздің санамызды арбайды деп кінәлайды. Философтар жануарлар сөйлеу қабілетінен айырылған болса, соған сәйкес олардың санасы да жоқ деп дәлелдейді. Виттгенштейн жазғандай «Ит: «Ертең жауын жауатын шығар» – деп ойлай алмайды», сондықтан да ақыл-есі бар тіршілік иесі құқығына ие болмаған. Мысалы, «ол» есімдігін жалпы тұлғаны белгілеу үшін қолдану сияқты, кейбір феминисткалар «жыныстық-бағытталған» ойлауды «жыныстық-анықталған» тілде таңбалайды. Әдеттегідей, бірден реформашылар үн қосады. Өткен жылдарда he «ол» есімдігін мына E, hesh, po, tey, co іспеттес көптеген нұсқалармен алмастыру жөніндегі ұсыныстар айтылды. Бұл реформашыл қозғалыстардың ішіндегі ең бірбеткей бағыт ұстанғаны 1933 жылы инженер Каунт Альфред Коржибский бастаған «Жалпы Семантика» мен оның ізбасарлары Стюарт Чейз бен Самюэл Хаякаваның бірнеше рет қайта басылуы арқасында кеңінен танымал болған бестселлер.

Жалпы «Семантика» ойлаудағы адам ақылсыздығына кінәлі тіл құрылымының өзі келтірген түсіндірілуі қиын «семантикалық кемістік» деп санайды. Мысалы, Mary is a woman «Мэри әйел» мысалындағыдай, жеке адамды дерексіз ұғым арқылы анықтайтын болғандықтан to be «болу» етістігі қисынсыздықтың айрықша көзі болып келеді. Мәселен: Рональд Рейганның: Mistakes were made «Қателерге жол берілген» – деген әйгілі мойындамаушылығы сияқты жауапкершіліктен жалтаруға құқық береді. Осы қозғалыс фракцияларының бірі – бұл етістікті мүлде алып тастауды талап етуде. Мұндай ұсыныстар үшін ғылыми негіз бар деуге болады: бұл Сепир Уорфтың: «адамдардың ойлауы олардың тілінде бар категориялар себепші болады» дейтін әйгілі лингвистикалық келісілген болжамы.

Институтта оқытқан нәрсенің бәрін ұмытқан адамдар ақылды түр таныта отырып келесі деректер тобы туралы талқылай алады. Мысалы: түрлі тілдер бәріне ортақ спектрді түрліше ажыратады; хопи тайпасының уақыт туралы түсінігінің біздікінен іргелі айырмашылығы бар; эскимостар тілінде қарды таңбалайтын сөздер оннан асады. Сонымен, келесідей ғаламдық қорытынды жасалады: әлемде дәл мұндай шындықтың негізге алынатын категориялары жоқ екендігіне қарамастан, әртүрлі мәдениеттер оны міндеттейді. Өйткені жорамалдар қашан да ой-санасы пісіп-жетілмеген адамдарды қызықтырады. Жалпы алғанда бұл шындыққа жанаспайды. Ойлау мен сөйлеуді бір нәрсе деген идея – бұл көпшілік қабылдаған адасудың үлгісі; кейбір тұжырымдар ең анық нәрсеге қайшы келеді, соған қарамастан, оған бәрі сенеді, өйткені әркімнің оны бір жерде естігені емес-емес есінде.

Ендеше, Стивен Пинкер айтқан мына жағдай жайында ойланып көріңіздер. Бәріміздің де бір сөйлемді айтып немесе жазып қойғаннан кейін біздің айтайын дегеніміз бұдан мүлде бөлек екені есімізге түсіп тоқтап жататын кездеріміз болады. Мұндай сезім туындау үшін айтқанымыздан өзгеше «біздің айтайын дегеніміз» болуы қажет. Кейде ойды толық жеткізетін кез келген сөзді табу оңай болмай жатады. Біз тыңдаған немесе оқыған кезде сөздердің өзін емес мағынасын есімізге сақтаймыз, ендеше, мағына сөздер жиынтығынан ғана тұрмайды деген нәрсе болуы керек. Егер ойлар сөздерге тәуелді болса, жаңа сөздерді қалай жасауға болады? Бала өзінің ең бірінші сөзін қалай жаттап алар еді? Бір тілден екінші тілге аударудың мүмкіндігі қалай болар еді? Тіл ойды анықтайды деп жорамалдайтын пікірталастар тек қоғам оған сенудің мүмкін еместігін жоққа шығармай отыруына байланысты ғана жалғасын тауып отыр.

Стивен Пинкер, сөзін түйіндей келе мынандай ой айтады: «Осы біз сөйлеушілердің ойлау тәсіліне тілдің айтарлықтай әсер ететініне ғылыми дәлелдің жоқтығын көріп отырмыз. Алайда мен сіздердің жадыларыңыздан еріксіз түрде орын алған осы әсерді дәлелдеуге тырысқан күлкілі оқиғаны жаңғыртумен ғана шектелмей, одан әрірек барғым келеді. Ғалымдар ойлау қалай жүзеге асады деген мәселеге қатысты немесе бұл процесті зерттеуге қатысты қараңғыда адасып жүргенде тіл ойлауға белгілі пішін береді деген пікір шындыққа ұқсайтын болып көрінетін. Енді таным теориясы мамандары ойлау туралы не ойлау керек екенін білгеннен кейін оны тілмен теңдестіріп алдау азайды, онда да бұған сөз ойға қарағанда әлдеқайда сезінуге жеңіл, көзге көрінетін болғандықтан барады. Келесі дәрістерде бұл мәселеге оралғанда біз лингвистикалық алдын ала келісілгендіктің неліктен адасушылық екенін, тілдің өз-өзінен қалай жұмыс істейтінін жақсы түсінеміз», – деп Стивен Пинкер ойын қорытындылайды.



Дегенмен осы жерде біз Стивен Пинердің ойымен сәйкес келмейтін ғылымдағы дәстүрлі көзқарастарға тоқталғанды жөн көрдік. Қоғам мүшелерінің өзара пікір алмасуы тіл арқылы іске асады. Адам өз ойын басқаларға тіл арқылы айтып, не жазып жеткізеді. Тыңдаушы да сөйлеушінің ойын тіл арқылы түсінеді. Ойдың жарыққа шығып, іске асуы, өмір сүруші үшін тілдік материалға негізделуі, сөздер мен сөз тіркестері және сөйлемдер түрінде айтылуы шарт. «Тіл дегеніміз – ойдың тікелей шындығы», – деп Карл Маркс түйіндеген.

Тіл дегеніміз – сөздік белгілердің жүйесі. Ал белгі – шындық пен болмысты білдіретін бөлшек. Тіл арқылы ойымызды басқа біреуге жеткіземіз. Ақыл-ой жетістігі болып табылатын, ақиқат, өмірдің бейнелуін қамтамасыз ететін ең жоғарғы таным-түйсік адамға ғана тән және ол сөйлеу актісімен тікелей байланысты форма, яғни адамдар бұл бейнелерді қалыптастыруда тілді пайдаланады, бір-бірімен қарым-қатынасқа тіл арқылы түседі, бейненің бар болмысын суреттеу үшін, бір-біріне жеткізу үшін тілдік блоктарды түзеді. Тілсіз ойлаудың болмайтындығы, әрбір ой тіл арқылы ғана көрінетіндігін, яғни сөйлеуді ойлаудан бөліп алудың мүмкін еместігін түсінеді.

Белгілі лингвист Фердинанд де Соссюр ойды тілдің семантикасымен теңдестіре отырып, тілді қағазбен былайша салыстырады: «Ой дегеніміз – сол қағаздың бет жағы, ал дыбыс – астыңғы жағы. Қағаздың бет жағын, астыңғы жағын бүлдірмей кесіп алуға болмайтыны сияқты, тілде де дыбыстан, дыбысты ойдан бөліп алуға болмайды. Мұны тек абстракциялық түрде ажыратуға болады», – дейді. Тіл мен ойлау бір-бірімен тығыз байланыста болады дегенде, тілдегі категорияларының өзара байланысы, арақатынасы ескеріледі. Мысалы, тілдегі сөз логикалық категория – ұғыммен тығыз байланыста болса, сөйлем пайымдаумен тығыз байланыста болады. Сөз бен ұғым бірлікте, өзара тығыз байланыста болады дегеннен бұл екеуі бір-бірімен тепе-тең екен деген түсінік туындамауы тиіс. Олардың арасындағы айырмашылықтар мыналар: кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен айтылады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен айтылады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір сөздер ұғымды өздігінен емес, тек тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қолданылғанда ғана білдіре алады. Бірнеше мағынаны білдіретін бір сөздің өзі әлденеше ұғымды білдіруі мүмкін. Сөз кейде ұғымды ғана емес, пайымдауды да білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайда сөз сөйлем ретінде қызмет атқарады. Бұл айтылғандардың бәрі де сөз бен ұғымның тепе-тең емес, бірақ өзара байланысты екендігін көрсетеді.

Адамзат тілі мен ойлаудың байланысын анықтауда Стивен Пинкер Лингвистикалық келісілгендік ұғымын қарастырып отыр. Лингвистикалық келісілгендік жорамалы Эдвард Сепир мен Бенджамин Ли Уорфтың есімдерімен тығыз байланысты. Антрополог Франц Боастың шәкірті Сепир – көрнекті лингвист. Өнеркәсіп дамығанға дейінгі дәуір адамдары жабайы болмаған, біздің қоғамдағы сияқты өз жүйелеріне сай, олардың өзіндік дүниетанымы тұрғысынан құнды, дамыған тіл жүйесі, білімі мен мәдениеті болғандығын Боас өзінің студенттерімен бірге біздің уақыт үшін маңызды идеяларды таратушылар болды.

Сепир америкалық аборигендердің тілдерін зерттей келіп, сөздерден дұрыс сөйлем құрау үшін де әртүрлі тілдерде сөйлеушілер болмыстың түрлі аспектілерін назарға алуға тиіс екендігіне көңіл аударды. Мысалы, ағылшын тілінде сөйлеушілер -ed- жұрнағы етістік соңына қосу туралы ойланғанда олар уақыт грамматикалық категориясын, яғни оқиға өтіп жатқан мезгіл мен сөйлеу сәтінің арақатынасын есепке алуы керек. Ал тайпа адамдарын уақыт бөлігі мүлде алаңдатпайды. Алайда олар қай етістікке қандай жұрнақ жалғау туралы мәселені шешкенде, олар оқиғаны өз көзімен көргенін немесе өзгенің сөзіне сүйеніп айтып отырғанын есепке алуға міндетті. Сепирдің бұл қызықты байқаулары көп ұзамай тереңдетіле түсті. Уорф Хартфордтың Өрттен Сақтандыру Компаниясының нұсқаушысы болып жұмыс істеп жүріп, америкалық аборигендердің тілін әуесқойлық зерттеумен айналысуы оны Иель университетіне Сепирдің дәрістер курсына тыңдауға алып келді. Бірнеше мәрте сілтеме жасаған үзіндісінде ол былай деп жазды:

«Біз ана тіліміздің аңғартпай айтуы бойынша табиғатты бөлшектейміз. Біз құбылыстар әлеміндегі әр алуан категориялар мен түрлерді, олар өз-өзінен айқын болғандықтан емес; керісінше, әлем біздің көз алдымыздан калейдоскоп ағынының әсерлері сияқты өтетін санамыз ұйымдастыруға тиісті, яғни негізінен санамызда сақталған тілдік жүйе арқылы



бөлеміз. Біз негізінен осындай жүйелеуді алдын ала ұйғарып қойған келісімнің қатысушылары ретінде әлемді бөліктерге бөліп, ұғымдарға айналдырамыз да мағыналарды үлестіріп береміз. Бұл келісімнің белгілі бір сөйлеу ұжымы үшін ғана күші бар және біздің тіліміздің модельдер жүйесінде бекітілген. Әрине, бұл келісімді ешкім, ешқалай жасамаса да ойымызда тұрады, қалай десек те, біз осы келісімнің қатысушыларымыз; егер біз осы көрсетілген келісімде ұйғарылған материалды жүйелеу мен топтастырудың астына қол қоймайтын болсақ, онда біз мүлде сөйлей алмаймыз».

Уорфты мұндай түбегейлі ұстанымға әкелген не? Ол мұндай ойдың басына алғаш рет өрт қауіпсіздігіне қарсы инженер болып жұмыс істеп жүргенде келгенін жазады. Сол кезде ол қауіпті жағдайларды жұмысшылардың бұрыс түсінуіне тілдің қалай жеткізгеніне қайран қалады.

Мысалы, шындығында бензин буына толтырылған цистернаны «бос» деп ойлап, оған темекісін сөндірген бір жұмысшының кесірінен үлкен жарылыс болды. Енді бірі «суға» ешқандай қатысы жоқ, «су құйылған ыдыстың», шындығында шіріген мұнай қалдықтары толтырылған, тұтанатын газ шығарып тұрған үлкен ыдыстың қасында дәнекерлейтін лампыны жаққан. Американың жергілікті халқының тілдері бойынша жүргізілген зерттеулері Уорфтың сенімін нығайта түсті. Мәселен, «бұл құламалы су көзі» деген сөйлем апачи тілінде: «Суға немесе су көзіне ұқсайтын ақ сұйықтық төмен жылжып келеді» деп айтылуы тиіс. «Бұл біздің ойлау жүйемізден қаншалықты алшақ!» – деп жазады ол. Алайда Уорфтың дәлелдерін неғұрлым тереңірек талдай түскен сайын, соғұрлым оның мәні аз екеніне көз жеткізесің.

Уорфтың мақалалары жарық көре салысымен, психолингвистер Эрик Леннеберг пен Роджер Браун оның дәлелдемелеріндегі екі қате тұжырымды көрсетті. Біріншіден, Уорф ешқашан апачи ұлысын шынайы зерттемеген, оның ең болмағанда біреуін кездестіргені де күмәнді. Оның апачи психологиясы туралы тұжырымдары тұйықталған шеңбер түзе отырып, тұтастай апачи грамматикасына негізделеді. Апачилер басқаша сөйлейді, яғни басқаша ойлайды деген сөз. Олардың басқаша ойлайтынын біз қайдан білеміз?

Екіншіден, Уорф сөйлемдердің дәлме-дәл мағынасын әдейі шектен тыс қисынсыз етіп көрсететін, сөзбе-сөз аударылған қолайсыз қалпын мысалға келтіреді. Осы бағытта мынандай мысалға тақталайық: Браун Уорфтың логикасы бойынша Марк Твеннің сөйлеген сөзін өздері аударып, Венаның Баспасөз-Клубында мінсіз таза неміс тілінде айтқан немістердің санасы қандай түсініксіз деп көрсетеді. Оны мына мәтіннен байқаса болады: «Мен шынымен де неміс тілінің сенімді досымын, тек қазір ғана емес, бұрыннан бері – иә, жиырма жылдан астам уақыттан қазірге дейін... Мен тек кейбір аздаған өзгерістерді енгізсем деймін. Мен тек тілдік әдіс – жарқыраған, қырналған сөз тіркестерін ықшамдап, мәңгілік қыстырма сөздерді алып тастар едім, олардың сазайын тартқызып, түк қалдырмай жойып жіберер едім; бір сөйлемге отыздан астам бастауышты енгізуге тыйым салар едім; оны телескопсыз көре алатындай болу үшін етістікті алдыға шығарар едім.

Менің мырзаларым, мен сіздердің сүйікті тілдеріңізді былай оңайлатар едім, сіздер оны қажет еткендеріңіз үшін мінәжат ету, жоғарыдағы Ол түсінер еді»... Мен сондай-ақ бөлінетін сөзалды қосымшалары бар етістіктерді қуана-қуана аздап реформалаған болар едім. Мен Шиллер жасағанды жасар едім: етістік пен сөзалды қосымшасының арасындағы Отызжылдық Соғыстың бүкіл тарихын тыға салу. Мұндай нәрсе тіпті Германияның өзін толқытты, ол Шиллерге Жүзжылдық Соғыстың тарихын қысқартуға рұқсат етуден бас тартты – бұл үшін Құдайға шүкір болсын! Осы реформалардың бәрін өткізгеннен кейін, неміс тілі жердегі ең асыл және тамаша болады. Сонымен, келтірілген мысалдар лингвистикада орын алатын кейбір қолайсыз жағдайлар.